

**1999 жылдың қазаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қазан N 1534

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілердің алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1) 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/145, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/144, 1994 жылғы 10 маусымдағы N ф 22-3/40, 1995 жылғы 24 наурыздағы N ф 22-3/3/4016, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002, 1999 жылғы 20 мамырдағы N 0000035 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1,2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін ескере отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қ а р а ж а т т ы ң ш е г і н д е т ө л е с і н ;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылықтық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібінің бұзылу фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен заемшылардың банкроттығы рәсіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін атқармаған тұлғаларды өзге де жауапкершілікке тартуға д е й і н ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік

қоғамы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен атқарылған заемшыларға қатысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражаттың қайтарылуы жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелері туралы ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы  
7 қазандағы  
N 1534 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес  
сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің  
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем   валютасы	Төлем   уақыты	Төлем   сомасы	Негізгі   борыш
Германия несие желісі				
"Ақмола Жаңа Құры- лыс индустрия" АҚ	DM	30.06.99.	16 190,92	0,00
Түрік несие желісі				
"Медеу-Эмсаш- Алатау" БК	USD	01.09.99	305 866,61	0,00

"Игілік" АҚ	USD	01.09.99	377 006,76	0,00
"Мақсат" АҚ	USD	01.09.99	63 153,74	0,00
"Жеңілөнеркәсіп" АҚ	USD	01.09.99	595 001,60	0,00

Франция несие желісі

"Тағам" МАК	FRF	02.07.99.	681,91	0,00
Барлығы	DM		16 190,92	0,00
	USD		1 041 028,71	0,00
	FRF		681,91	

таблицаның жалғасы

Проценттер		Басқалары
16 190,92		0,00
305 866,61		0,00
377 006,76		0,00
63 153,74		0,00
595 001,60		0,00
00,00		681,91
16 190,92		0,00
1 041 028,71		0,00
0,00		681,91

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

7 қазандағы

№ 1534 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес  
сыртқы заемдарды өтеу бойынша алдағы төлемдердің  
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем   валютасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш
Германия несие желісі				
"Ауылшармині" АҚ	EUR	01.10.99.	355 474,57	345 540,29
"Ауылшармині" АҚ	EUR	01.10.99.	234 759,48	228 198,77
"Екібастұзкөмір" МАҚ	EUR	01.10.99	460 138,34	392 442,08
Барлығы	EUR		1 050 372,39	966 181,14

таблицаның жалғасы

Проценттер	Басқалары
9 934,28	0,00

6 560,71	0,00	
67 696,26	0,00	
84 191,25	0,00	

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.